

«Орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық, жұмыстар туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 11 мамырдағы № 25-2-02/249 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 4 қазандағы № 17-03/499 бұйрығы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 25 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 20 наурыздағы № 57-ө Өкімін іске асыру
мақсатында бұйырамын:

1. «Орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстар туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 11 мамырдағы № 25-2-02/249 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылғы 15 шілдеде № 7070 болып тіркелген; «Казахстанская правда» газетінде 27.09.2011 ж. № 310-311 (26701-26702), «Казахстанская правда» газетінде 29.09.2011 ж. № 313 (26704) жарияланған).

2. Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті апталық мерзімде белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне осы бұйрықтың көшірмесін жолдасын және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков